

Іссапарға жіберілген жүргізушілер – өз құқықтарыңызды және міндеттеріңізді біліңіздер

«Жүргізушілерді іссапарға жіберудің» жаңа ережелері
2022 жылғы 2 ақпаннан бастап өз күшіне енгізілді



Еуропадағы еңбек мәселелері жөніндегі басқарма

Ландерерова 12, 811 09
Братислава - Словакия
info@ela.europa.eu

www.ela.europa.eu



«Your Europe» порталында көбірек біліп алыңыз

© Еуропадағы еңбек мәселелері жөніндегі басқарма, 2022

Еуропадағы еңбек мәселелері жөніндегі басқарма (ELA) да, немесе ELA тарапынан әрекет ететін қандай болса да тұлға да осы құжаттағы ақпаратты пайдалану үшін жауапкершілікті көтермейді.

Дереккөзі көрсетілген жағдайда көшірмеуге рұқсат етіледі. Авторлық құқықтары ELA-ға тиесілі болмайтын, фотосуретті немесе басқа да материалдарды кез келген пайдалану немесе көшірмеуге үшін рұқсатты тура авторлық құқықтардың иегерлерінен алу қажет.

Кескінге арналған авторлық құқықтар: © iStock.com/Hilch


Люксембург: Еуропа одағының жариялау бюросы, 2022

Print ISBN 978-92-9464-812-9 doi:10.2883/622286 HP-01-22-237-KK-C

PDF ISBN 978-92-9464-805-1 doi:10.2883/309994 HP-01-22-237-KK-N



Сіз іссапарға жіберілген жүргізуші болып табыласыз



Егер сіз көлік операцияларын сіздің жұмыс берушіңіз тіркелген мемлекетте емес, ЕО мүшесі-басқа мемлекетте шектелген мерзім ішінде орындайтын болсаңыз және сіз келесі операцияларды орындасаңыз, сіз іссапарға жіберілген жүргізуші болып табыласыз.

- **Каботаж.** Сіз жұмыс істеп жүрген жұмыс беруші сіз ішкі көлік операцияларын орындап жүрген ЕО мүшесі-басқа мемлекетте тіркелмеген.
- **Айқасқан сауда түрінде тасымалдау.** Екі ЕО мүшесі-мемлекет немесе ЕО мүшесі-мемлекет және ЕО кірмеген ел арасындағы көлік операциялары және сіздің жұмыс берушіңіз олардың біреуінде де тіркелмеген.
- **Бос іссапар.** Каботажға байланысты іссапар немесе іссапарға жіберу ережелеріне қатысты болатын айқасқан сауда жөнінде операциялар.
- **Құрамдас көлік операциялары.** Егер құрамдас көлік тасымалдауының бірінші немесе соңғы бөлігі айқасқан сауданың немесе каботаж операция болса, онда сіз осы бірінші немесе соңғы бөлігін орындаған кезде ғана іссапарға жіберілген жүргізуші болып табыласыз.

Жолда тексеру барысында сіз инспекторға көрсетуге тиіссіз:

- іссапар декларациясының көшірмесін (электронды немесе қағаз түрінде);
- ЕО мүшесі-қабылдайтын мемлекетте жүргізілетін көлік операциясының(-ларының) дәлелдемесі (мысалы, жүкқұжат); және тахограф
- жазбалары.

Сіздің жұмыс берушіңіз осы өзекті құжаттардың болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қандай жалақы мен басқа да еңбек жағдайларына сіздің қандай құқығыңыз бар?

Егер сіздің жұмыс берушіңіз тіркелген елмен салыстырғанда, сіз іссапарға жіберілген елдің жалпы жалақысы мен еңбек жағдайлары артық болса, онда сіздің жалақы мен еңбек жағдайларының жоғары деңгейіне



құқығыңыз бар. Егер деңгейі жоғары болмаса, онда жұмыс беруші тіркелген елдің ережелері қолданылады.

Сіз іссапарға жіберілген жүргізуші болып табылмайсыз

Егер сіз келесі кез келген көлік операциясын орындайтын болсаңыз, онда сіз іссапарға жіберілген жүргізуші болып табылмайсыз.

- **Екі жақты операция.** Сіздің жұмыс берушіңіз тіркелген ЕО мүшесі-мемлекеттен басқа (ЕО ішінде немесе оның шегінен тыс) елге тасымалдау немесе кез келген басқа (ЕО ішінде немесе оның шегінен тыс) елден сіздің жұмыс берушіңіз тіркелген ЕО мүшесі-мемлекетке оралу.
- **Жүктеу және/немесе жүк түсіру кезінде шектелген қосымша қызмет.** ЕО мүшесі-мемлекеттерде немесе екі жақты операцияны жүргізген кезде ЕО кірмейтін елдерде.
- **Транзит.** Қандай болса да жүктеу немесе жүк түсіру болмаған кезде ЕО мүшесі-мемлекетті өту.
- **Бос іссапар.** Сіздің іссапарыңыз екі жақты операцияға байланысты болып жүзеге асырылады
- **Құрамдас көлік операциялары.** Егер құрамдас көлік тасымалдауының бірінші немесе соңғы бөлігі екі жақты операция болса, онда сіз осы бірінші немесе соңғы бөлігін орындаған кезде ғана іссапарға жіберілген жүргізуші болып табылмайсыз.

Жалақы мен басқа да еңбек жағдайларына сіздің қандай құқығыңыз бар?

Егер сіз іссапарға жіберілген жүргізуші болмасаңыз, онда сізге сіздің жұмыс берушіңіз тіркелген ЕО мүшесі-мемлекеттің жалақысы мен басқа да еңбек жағдайлары қолданылады.

